

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің деректерін берудің қорғалатын желісін құру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 7 өкімі

1. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен бірлесіп:

2022 жылғы 30 шілдеге дейін кейіннен Комиссияның бекітуі үшін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі тиісінше - деректерді берудің қорғалатын желісі, интеграцияланған жүйе) интеграциялық және ұлттық сегменттері арқылы деректер беру арналарын ұйымдастыру, жұмыс істеуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық жобасын әзірлеуді және келісуді;

Комиссияда деректерді беру желісімен қорғалатын басқару орталығын (интеграцияланған жүйенің интеграциялық сегментінің компоненті) құруды;

Жоғары Еуразиялық кеңестің 2011 жылғы 19 желтоқсандағы № 5 шешімімен белгіленген шекті нормалар шеңберінде Ақпараттық технологиялар департаментінің штат кестесін ақпараттық криптографиялық қорғау органының функцияларын атқару үшін, сондай-ақ электрондық түрде ақпаратты құжаттандырудың жалпы инфрақұрылымының интеграциялық компоненттерінің элементтерін пайдалануды ұйымдастыру үшін жаңа штаттық бірлікпен толықтыруды пысықтауды қамтамасыз етсін.

2. Комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (Қазақстан Республикасын қоспағанда) ұлттық сегменттерінің тапсырыс берушілерімен бірлесіп, 1-тармақтың 1-абзацында көрсетілген нұсқаулықты бекіткеннен кейін және оның талаптарын, сондай-ақ мүше мемлекеттердің экспорттық бақылау саласындағы заңнамасын ескере отырып:

Комиссияның интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінің интеграциялық шлюздерінің операторларына Комиссияға тиесілі және интеграцияланған жүйенің деректерді берудің қорғалатын желісін құруға арналған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын тегін уақытша пайдалануға беруді, сондай-ақ деректерді берудің қорғалатын желісінің осындай құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті түйінді ақпаратты беруді;

деректерді берудің қорғалатын желісі құрамында берілген ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен Комиссия:

интеграцияланған жүйенің деректерді берудің қорғалатын желісі құрамында ақпаратты криптографиялық қорғаудың өзіндік құралдарын пайдалану мүмкіндігін пысықтауды;

Комиссияға интеграцияланған жүйенің деректерді берудің қорғалатын желісі құрамында ақпаратты криптографиялық қорғаудың өзіндік құралдарын қолдану туралы ұсыныстар жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Өкім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко Б.Сұлтанов А.Кожошев А.Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК